

Менің Астана қаласында Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталығының курстарына қатысып жүргеніме 3 жыл болды. Сол үш жылдың ішінде әрнәрсе болды: бірде жапон тілінде сенімді сөйлеп кете алмайтындай көрінді, бірде JLPT-ң кезекті деңгейінен өту үшін бар күшіммен дайындалдым. Міне, 2015 жылдың күзінде Осака қаласында JF тыңдаушыларына арналған бағдарламаға қатысып, жолым болды. Осы бағдарламаның ең ұнаған тұсы – қатысушылардың әлемнің түкпір-түкпірінен келгені (25 елден 29 адам). Бағдарламаның ең басында осындай шараларда қатысуда жапон тіліне қатысты деңгейімнің жеткіліксіз болуы уайымдатты. Бірақ бәрі мен ойлағандай қорқынышты болмады. Менің тобымда сондай мейірімді адамдар жиналды. Тәжірибелік курс барысында біз бір-бірімізге көмектесіп жүрдік. Осы факт алдымызда жапон тілінде қатынас жасасуымызға септігін тигізді.

Жапонияға барудың алдында, әрине, қатты қобалжыдым: белгілі бір жерде дұрыс бағыт таба алам ба жоқ па, өз ойымды дұрыс жеткізе алам ба жоқ па, маған айтқанды түсіне алам ба жоқ па және т.б. Бірақ Жапония мен жапондықтар – өзге планета сияқты. Олар үшін өмірдің мәні – жақсылық жасау секілді көрінеді. Үнемі көмектеседі, көрсетіп, айтып береді, қажет болса тіпті апарып тастайды. Жапон Қорының Кансай Халықаралық Орталығында (Осака қ.) барлығы басынан аяғына дейін толық жоспарланып, ұйымдастырылған. Біздің кез келген «қимылымыз» алдын ала жоспарланып қойған. Ол – Жапонияны өзіндік тануда уақытымыз бен ақшамызды (барлығы дерлік төленген болатын) үнемдеуге септігін тигізді. Бұл – тек армандай алатын демалыс болды (осының бәрі менің басымнан өткеніне сене алмаймын). Танымдық сағаттар (кансай диалектінің сабағы, Токиодағы табиғи апаттардың алдын алу орталығына бару) да, мәдени шаралар (икебана, вадайко, каллиграфия, шай рәсімі, айкидо) да, Жапонияның көптеген танымал да көрікті жерлеріне (Киотодағы Алтын павильон мен Таза су ғибадатханасы, Токиодағы Асакуса, Эдо мұражайы) экскурсиялар болды. Көптеген қызықты оқиғалардың ішінен бастауыш мектепте және жапондық отбасында өткізген күндерді ерекше атап өткім келеді. Бір күннің ішінде ол адамдардың маған жақын болғаны сонша, болашақта олармен міндетті түрде тағы кездесемін деп шештім.

Жапонияда өткізген әрбір күнім тек жақсы естелік қалдырды және оларды қанша уақыт өтсе де ұмытпаймын.

Жапон Қорының Кансай Халықаралық Орталығының қызметкерлері мен Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталығының өкілі Масуджима Шигенобу мырзаға зор алғысымды білдіргім келеді. Бұл – танымды да қызықты бағдарлама болды.

Жусупова Самал, Астана